



UNITED NATIONS
KAZAKHSTAN



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2020



UNITED NATIONS
KAZAKHSTAN



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2020

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	6
БҰҰ Елдік тобы	8
Тарау 1. Елдегі негізгі өзгерістер және өңірлік ахуал	11
Тарау 2. Әріптестіктің негіздемелік бағдарламасы арқылы БҰҰ даму жүйесінің дамудың ұлттық басымдықтарын қолдауы	13
Әріптестіктің негіздемелік бағдарламасының нәтижелеріне шолу	13
Әріптестіктің негіздемелік бағдарламасының басымдықтары, түпкі және аралық нәтижелері	17
Түпкі нәтиже 1.1	17
Түпкі нәтиже 1.2	20
Түпкі нәтиже 1.3	22
Түпкі нәтиже 2.1	24
Түпкі нәтиже 2.2	26
Түпкі нәтиже 3.1	28
Негізгі сын-қатерлер	30
Әріптестікті қолдау және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібін қаржыландыру	32
БҰҰ күшейтілген ұжымдық жұмысының нәтижелері	34
Сараптама және негізгі түйін	39
Қаржылық шолу және ресурстарды жұмылдыру	40
Тарау 3. БҰҰ қызметінің келесі жылға арналған негізгі бағыттары	43
Қысқартулар	45

АЛҒЫСӨЗ

Сіздердің назарларыңызға БҰҰ елдік тобының 2020 жылғы Қазақстандағы жұмысының нәтижелері туралы жылдық есепті қуана ұсынамын. COVID-19 пандемиясы 2020 жыл соңғы тарихтағы ең қиын жылдардың бірі болды дегенді білдіреді. Қазақстанда аурудың алғашқы жағдайлары 13 наурызда расталды, жылдың соңына қарай 150 мыңнан астам адам жұқтырылды, 2 мыңнан астам адам қайтыс болды. Осы айшықты сандардан басқа, пандемия және жұмыстағы жаһандық іркілістер денсаулық сақтау саласындағы өсіп келе жатқан қажеттіліктер мен елдегі басқа да әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерге жауап беру үшін, сондай-ақ Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) және ұлттық даму басымдықтарына қол жеткізуде Қазақстанды қолдауға бағытталған біздің бағдарламалар мен бастамаларымызды жалғастыру үшін өз жұмысымызда тез бейімделу қажеттігін білдірді.

COVID-19 пандемиясынан туындаған жаңа шындықтың сын-қатерлеріне жауап беру үшін БҰҰ елдік командасы (БҰҰЕТ) бірқатар жедел сараптама жүргізді (дағдарыстың әсерін гендерлік бағалауды қоса), шұғыл мәселелерді анықтады және бағдарламалық және бағдарламалық емес портфельдерді түзетті. Нәтижесінде біз шамамен 16 миллион АҚШ долларды COVID-19-бен күресуге бағыттап, жұмылдыра алдық, олардың төрттен бірі медициналық материалдарды сатып алуға және инфекцияның алдын алу және онымен күресу, науқастар мен зертханаларды басқаруға медицина қызметкерлерін оқытуға кетті.

Біз сондай-ақ 2020 жыл ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қазақстан Үкіметі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімді - «Даму мақсатындағы әріптестіктің негіздемелік бағдарламасы, Қазақстан, 2016-2020 жылдар» (ДЭНБ) іске асыруды жалғастырдық. Тұтастай алғанда, Қазақстандағы БҰҰЕТ жұмысы ел

халқының неғұрлым осал топтарының өмір сүру жағдайларын жақсартуға; неғұрлым әділ және неғұрлым сапалы әлеуметтік қызметтерді қамтамасыз етуге; саясатты неғұрлым тиімді және пәрменді қалыптастыруға; қоршаған ортаны қорғауды жақсартуға; неғұрлым тығыз өңірлік ынтымақтастыққа және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Күн тәртібіне сәйкестікті күшейтуге ықпал етті. Біз «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын» (елдің негізгі орта мерзімді стратегиялық жоспарын), ТДМ призмасы арқылы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын және «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын» шолудың маңызды үрдістеріне қолдау көрсеттік. Олардың әрқайсысында алдағы жылдардағы трансформациялық өзгерістердің көрінісі баяндалған.

2020 жылдың соңына қарай Қазақстан Үкіметі мен БҰҰЕТ жаңа негіздемелік бағдарламаға, «2021-2025 жылдарға арналған Тұрақты даму мақсатындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасына (ТДМЫНБ)» қол қойды. Біздің ұжымға БҰҰ-ның екі қосымша құрылымы (Халықаралық электрбайланыс одағы және БҰҰ-ның жобаларға қызмет көрсету басқармасы) қосылды. БҰҰ-ның пандемияға қарсы шаралары қазіргі уақытта біздің төтенше жағдайлармен байланысты емес бағдарламалық жұмысымыздың ажырамас бөлігі болып табылады және біз Қазақстанға даму саласындағы өршіл күн тәртібін іске асыруға көмектесу үшін бірлесіп алға жылжуға бел будық. Біз гендерлік аспектіні ескеретін бағдарламалық, саяси және қаржылық шешімдерді іздестіру мен іске асыруды; дамудың күрделі мәселелерін бірлесіп шешуді және ешкімді шетте қалдырмай, Қазақстанды ТДМ-ға қол жеткізуде қолдауды жалғастырамыз.



Микаела Фриберг-Стори
БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы
Тұрақты үйлестірушісі



БҰҰ ЕЛДІК ТОБЫ

Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының елдік тобы (БҰҰЕТ) мемлекеттің ТДМ-ға қол жеткізуге бейілділігін және даму саласындағы болашақ қарқынды күн тәртібін қолдайды.

БҰҰЕТ 20 резидент ұйымдарды:

ЖКД, АҚТБ, ФАО, ХЕҰ, ХКҰ, АҚЖКБ, ЮНЭЙДС, БҰҰДБ, БҰҰ КҚД, ЮНЕП, БҰҰ АТМЭЭК, ЮНЕСКО, ЮНФПА, БҰҰ БЖКБ, ЮНИСЕФ, БҰҰ ЕҚБ, ОААДӨО, БҰҰЕ, БҰҰ-Әйелдер және ДДСҰ,

және 7 резидент емес ұйымдарды қамтиды:

ХСО, ХЭО, ЮНКТАД, БҰҰ ЕЭК, БҰҰ-Хабитат, ЮНИДО және ЮНОПС.

БҰҰ жүйесінің елдегі даму саласындағы негізгі әріптестері

Қазақстанда ДЭНБ-ны іске асыруға министрліктер мен жергілікті билік органдары, Парламент, сот жүйесі, азаматтық қоғам ұйымдары және жеке сектор өз жоспарлары мен бағдарламалары арқылы жәрдем көрсетті.

Ұлттық әріптестер қатарында:

- > Президент Әкімшілігі
- > Министрліктер, ведомстволар және комиссиялар
- > Парламент
- > Сенат
- > Жоғарғы Сот және жергілікті соттар
- > Іріктелген өңірлердің әкімдіктері (яғни муниципалитеттер)

Сыртқы көмектің тиімділігін арттыру жөніндегі Париж декларациясына және Аккра іс-қимыл бағдарламасына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесі тиімділікті арттыру мақсатында БҰҰЕТ даму саласындағы ынтымақтастығының келісімділігін және үйлестірілуін қамтамасыз ету үшін халықаралық қаржы мекемелерімен (ХҚИ), атап айтқанда, Дүниежүзілік Банкпен байланысып, өз қызметін үйлестірді. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы энергия тиімділігін

арттыру жөніндегі күш-жігерді қолдау үшін жеке және банк секторларының инвестицияларын тарту үшін қаржыландыру тетіктеріндегі жаңа енгізілімдерді қолдады. Сонымен қатар, Дүниежүзілік Банкпен әріптестікте БҰҰЕТ сот төрелігі жүйесін реформалау бойынша маңызды бастамаларды іске асырды.

Еуропалық Одақ бірнеше стратегиялық іс-шараларды, оның ішінде Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған «Басты назарда» бастамасының өңірлік бағдарламасын қолдады. Бұл бастама әйелдер мен қыздарға қатысты жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылықты тоқтату бойынша күш-жігерді нығайтуға бағытталған.

Сонымен қатар, БҰҰ агенттіктері мен көпжақты даму банктерінің жәрдемдесуімен Қазақстан Премьер-Министрдің бірінші орынбасары төрағалық ететін Үйлестіру кеңесін, салалық министрлердің төрағалық етуімен бес жұмыс тобын (Адамдар, Планета, Өркендеу, Бейбітшілік, Әріптестік) қоса алғанда, 2030 жылға дейінгі ТДМ мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу үшін институционалдық архитектура енгізді. Ұлттық экономика министрлігі жанындағы Экономикалық зерттеулер институты үйлестіруші орган болып табылады.

БҰҰ сондай-ақ ұлттық және халықаралық азаматтық қоғам ұйымдарымен, сондай-ақ этникалық қазақтар қатарындағы қолөнершілермен, оралмандармен, инновациялық зертханалармен, судьяларға арналған оқу орындарымен, ЛГБТИ-қоғамдастық мүшелерімен, діни көшбасшылармен, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес БАҚ журналистерімен әріптестік қатынастар орнатты.



1



ЕЛДЕГІ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК АХУАЛ

Пандемия Қазақстандағы денсаулық сақтау, экономика және даму саласындағы жағдайды өзгертті. Көптеген елдердегідей, 2020 жыл соңғы екі онжылдықтағы Қазақстан экономикасы үшін ең қиын жыл болды. COVID-19 пандемиясының салдары адам дамуы саласындағы жетістіктердің жоғалуына әкелуі мүмкін.

Орталық Азия аймағында пандемия және оның салдары әлеуметтік қызметтер мен экономика саласындағы проблемаларды баса көрсетті. Мұнай бағасының соңғы құлдырауынан және оның салдарынан болған экономикалық дағдарыстан кейін аймақтың көптеген елдерінің экономикасы қалпына келгенімен (біртіндеп болса да), барлық үкіметтерде жедел қолдау және қорғау шараларын қабылдау үшін бюджеттік резервтер болған жоқ. Қазірдің өзінде бюджеттің айтарлықтай тапшылығы бар, ол 2021 жылы әлі де өседі деп күтілуде. Пандемия нәтижесінде бүкіл аймақта теңсіздік, осалдық және кедейлік деңгейі өсті. Алайда, көптеген елдер денсаулық сақтау саласын қоса алғанда, негізгі мемлекеттік қызметтерді көрсетуді жалғастыра отырып және негізгі тауарлар мен қызметтерді жеткізу тізбегін қолдау үшін цифрлық технологияларды енгізуді жеделдете отырып, белгілі бір тұрақтылықты көрсетті.

Қазақстанда пандемия екінші тоқсанда әлемдік белсенділіктің тоқтап қалуына және елдің негізгі экспорттық шикізаттық тауары болып табылатын мұнайға әлемдік сұраныспен бағаның төмендеуіне алып келді. [Дүниежүзілік банктің](#) деректері бойынша, 2020 жылы, 1995 жылдан бастап алғаш рет экономика 2,5 пайызға қысқарады, ал Қазақстанда кедейлік деңгейі 2020 жылы 12-14 пайызға жетеді деп күтілуде (2016 жылғы 6 пайыз базалық деңгейден).

Пандемия әсіресе бөлшек сауда, қонақ үй бизнесі, көтерме сауда және көлік салаларына теріс әсер етті, бұл салалар елдегі жұмыспен қамтудың шамамен 30 пайызын құрайды және негізінен қалаларда шоғырланған. Алайда, кедейлік деңгейінің едәуір өсуі ауылдық жерлерде болады деп күтілуде.

Үкімет пандемияның адамдарға және экономикаға теріс әсерін азайту үшін, соның ішінде салықтарды төлеуді кейінге қалдыруды, айналым капиталын толықтыруға қарыздарды субсидиялауды және шұғыл медициналық көмекке, оның ішінде медициналық сақтандырусыз адамдар немесе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесінде тіркелмеген адамдар үшін қолжетімділікті жақсартуды қоса алғанда, саясаттың батыл шараларын қабылдады.

[Дүниежүзілік банктің болжамдарына сәйкес](#), әлемдік экономика перспективаларының жақсаруына, экспортқа сұраныстың артуына және ішкі экономикалық қызметтің қайта жандануына сүйене отырып, қазіргі уақытта экономиканың өсуі 2021 жылы 2,5 пайызды және 2022 жылы 3,5 пайызды құрайды деп күтілуде.

Дегенмен, өнімділіктің әлсіз өсуі, мұнай өнеркәсібіне шамадан тыс тәуелділік және экономикадағы бейресми сектордың жоғары үлесі тұрақты өсу және әлеуметтік қорғаудың тиімді жүйесін құру үшін, әсіресе халықтың неғұрлым осал санаттары үшін елеулі проблемалар туғызады. Бұдан басқа, қазбалы отынға жалпы әлемдік сұраныстың әлсіреуі, сыртқы инвестициялар үшін өңірлік бәсекелестіктің күшеюі, ұлттық қаржы секторындағы тұрақсыздық тәуекелдерінің өсуі және есеп беретін және ашық мемлекеттік басқаруға үлкен қажеттілік сияқты жаңа проблемалар туындауда.

¹ Дереккөз: Жаһандық экономикалық перспективалар (Global Economic Prospects) (2021), 2.2.2-кесте Еуропа және Орталық Азия елдері үшін болжамдар. <https://www.worldbank.org/en/publication/global-economic-prospects>



2

ӘРІПТЕСТІКТІҢ НЕГІЗДЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ БҰҰ ДАМУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫН ҚОЛДАУЫ

Әріптестіктің негіздемелік бағдарламасының нәтижелеріне шолу

2020 жыл ішінде Қазақстандағы БҰҰ-ның бағдарламалық қызметі «Даму мақсатындағы әріптестіктің негіздемелік бағдарламасы, Қазақстан, 2016-2020» (ДӘНБ), БҰҰ мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылды. ДӘНБ «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» және «Қазақстан 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» сияқты ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларда баяндалған өршіл ұлттық басымдықтарға ұжымдық және кешенді жауап болды.

Сондай-ақ, ДӘНБ тұрақты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерін ілгерілету бойынша күш-жігерді біріктіре отырып, елдің ТДМ-ға қол жеткізуге ұмтылысын көрсетті. ДӘНБ елдің 2050 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібін әлеуетті дамыту есебінен адами даму мен әділ экономикалық өсуді ілгерілету; ашықтық пен есептілік жүйесін нығайту; сапалы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша күшейтті. Сондай-ақ, ДӘНБ Қазақстанның адам құқықтарын қорғау жөніндегі БҰҰ механизмдерінің ұсынымдарын орындауын және елдің осы механизмдерге қатысуын қолдады.

ДӘНБ үш стратегиялық бағытта құрылған:

1. Теңсіздіктерді азайту және адам дамуын жақсарту
2. Тиімді инновациялық мемлекеттік институттар
3. Халықаралық және өңірлік ынтымақтастықты нығайту

Осы бағыттар шеңберінде алты түпкілікті нәтиже қабылданды, оларды 2020 жыл ішінде БҰҰ-ның Қазақстандағы қызметі басшылыққа алды.

• Түпкі нәтиже 1.1: Әлеуметтік осал және тұрмысы нашар адамдар мен топтарды қоса алғанда, халық үшін кешенді сапалы әлеуметтік қызметтерге (денсаулық, білім беру, әлеуметтік қорғау, құқық және т.б. саласында) тең қол жеткізуді жақсарту.

• Түпкі нәтиже 1.2: Экономиканы әртараптандыру жұмыссыздарға, жастарға және әлеуметтік жағынан осал әйелдер мен еркектерге лайықты еңбек ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

• Түпкі нәтиже 1.3: Экожүйелер мен табиғи ресурстар қорғалады және тұрақты пайдаланылады, ал елді мекендер табиғи және антропогендік табиғи апаттарға және климаттың өзгеруіне төзімді.

• Түпкі нәтиже 2.1: Құқық иеленушілер республикалық және жергілікті деңгейлерде шешімдер қабылдау және орындау үрдістеріне қатысуда, нәтижесінде адам құқықтарын іске асыруға жәрдемдеседі.

• Түпкі нәтиже 2.2: Сот және құқықтық жүйелер мен мемлекеттік институттар әділ, жауапты, есеп беретін және барлығына қолжетімді.

• Түпкі нәтиже 3.1: Үкімет әріптестермен бірлесіп, өңірде Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге ықпал етеді және Біріккен Ұлттар Ұйымының қағидаттары, стандарттары мен конвенцияларын ілгерілетуде және іске асыруда көшбасшы болып табылады.



ДӘНБ үйлестіру құрылымы жоғары деңгейдегі Басқарушы комитетін және нәтижелері бойынша бес топты қамтиды. БҰҰ жүйесінің атынан БҰҰ Тұрақты үйлестірушісі және Үкімет атынан Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Басқарушы комитеттің тең төрағалары болып табылады.

2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму саласындағы жаһандық күн тәртібі және оның 17 ТДМ Қазақстанға даму саласындағы өз ұмтылыстарын тиімді іске асыруға көмектесетін тамаша құралдар болып табылатынына БҰҰЕТ бұрынғысынша сенімді. Қазақстандағы БҰҰЕТ Үкіметпен, азаматтық қоғаммен және ТДМ-ды ұлттық мәнмәтінге бейімдеу, Қазақстандағы ТДМ күн тәртібін ілгерілету және іске асыру бойынша жеке сектордағы әріптестермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. Қазақстандағы БҰҰ жүйесі елдің ЭЫДҰ стандарттарына қол жеткізу арқылы әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруге деген ұмтылысын берік қолдайды.

2020 жыл ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық тәжірибе мен озық тәжірибеге негізделген саясат саласындағы ұсынымдарын бейтараптықпен ұсына

отырып, сондай-ақ нақты салаларда жоғары кәсіби техникалық білімімен бөлісе отырып, өзінің салыстырмалы артықшылықтарын тиімді пайдаланды. Бұл көбінесе халықаралық стандарттар мен нормаларға сәйкес келетін және Қазақстандағы халықтың неғұрлым осал топтарының қажеттіліктеріне неғұрлым сезімтал заңдар мен саясаттарды әзірлеуге (немесе қабылдауға) алып келді.

Мысалы, 2020 жылы БҰҰ бағдарламалары мен іс-шараларының нәтижесінде:

- **100 мыңға жуық адам тікелей әлеуметтік қызмет алды.**
- **7 мыңнан астам адам өте маңызды оқытудан өтті.**
- **Осал топтар арасында адами ресурстардың нормалары мен қолжетімді қызметтер туралы хабардарлықты арттыру үшін 70 науқан ұйымдастырылды.**
- **47 елді мекенде тұрақты төмен көміртекті даму модельдері қабылданды.**
- **Энергия тиімді аспаптар мен жабдықтарды орнату есебінен 150 мың МВт/сағ үнемделді.**
- **Қаржыландырудың жаңа тетіктері енгізілді.**

Басшылыққа алынатын қағидаттар

Сондай-ақ, ДӘНБ «Қазақстан 2050» стратегиясында баяндалған іс-қимылдардың толассыз қағидаттарын күшейтті: қызмет көрсетуді қолдаудан көшу және даму үшін, әсіресе осал топтар үшін жалпы қолайлы ортаны нығайту үшін саясатты әзірлеуге және ақпараттық-түсіндіру қызметіне назар аудару. Бұл күш-жігердің ортасында институционалдық және адами әлеуеттің сапасы мен тұрақтылығын арттыру болды.

Бұл қағидаттар адам құқықтарына негізделген тәсілмен келісілді және нәтижелерге, экологиялық тұрақтылыққа және гендерлік аспектілерді ескере отырып бағдарламаларды әзірлеуге бағытталған басқаруды өзектендіруді қарастырды. Атап айтқанда, ДӘНБ циклінде гендерлік теңдікті ықпалдастыру және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бойынша БҰҰЕТ әлеуетін нығайту үшін [БҰҰЕТ-SWAP гендерлік теңдік саласындағы көрсеткіштер жүйесі тиімді қолданылды](#)².

COVID-19-ға әлеуметтік-экономикалық ден қою жоспарын іске асыруда қол жеткізілген нәтижелер

БҰҰЕТ COVID-19 туындаған өсіп келе жатқан мәселелердің жан-жақты аспектілерін шешуге жақсы мүмкіндіктерге ие болды. БҰҰ әртүрлі қадамдар жасады, оның ішінде жағдай мен олқылықтарды (гендерлік аспектілер, осал топтар, кәсіпорындар және т.б.) түсіну үшін бірқатар жедел бағалау жүргізу; COVID-19 мәселелерін шешу үшін өзінің бағдарламалық және бағдарламалық емес портфелін талдау және қайта бейімдеу; және негізгі шұғыл мәселелерді, соның ішінде БҰҰЕТ ішінара тығыз ынтымақтастық пен халықаралық қаржы ұйымдарымен көпжақты ынтымақтастық қажеттілігін анықтау.

БҰҰЕТ COVID-19-ға байланысты жағдайға ден қоюдағы жетістіктерінің ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- БҰҰЕТ дағдарысқа жауап беру үшін шамамен 16 млн. долл. қайта бейімдеп, жұмылдырды.
- 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында медициналық материалдарды сатып алу және медицина қызметкерлерін жұқпалы аурулардың алдын алу және оларға қарсы күрес, ауруларды жүргізу және зертханалардың жұмысына оқыту үшін 4 млн. долл бөлінді.
- Бүкіл ел бойынша 2,4 миллионнан астам жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ) және COVID-19 үшін 44,000 жуық тест жеткізілді.
- 388,000 бала сумен жабдықтау, санитария және гигиена заттарымен қамтамасыз етілді.
- 306,100 медицина қызметкері ана, жаңа туған нәрестелер мен балалардың денсаулығын сақтау саласында қажетті жабдықтау заттары мен ақпараттық материалдар алды.
- 57,404 бала қашықтықтан/үйде оқытуда қолдау алды.
- Қазақстанның орталық және жергілікті атқарушы органдарының 1,006 мемлекеттік қызметшісі қашықтықтан тиімді жұмыс істеу бойынша оқытудан өтті.
- 143 медициналық мекеме иммундау бойынша негізгі қызметтерді ұсыну бойынша қолдау алды.
- Шекарадағы 4,307 мигрант медициналық көмек және ҰЕҰ әріптестері арқылы ЖҚҚ ұсыну сияқты маңызды қолдау алды.
- Барлық 17 әкімшілік ауданда медицина қызметкерлеріне 12,000 гигиеналық жиынтық таратылды

² https://unsdg.un.org/sites/default/files/UNCT-SWAP_Gender-report_Web.pdf



Жас еріктілер пандемия кезінде өз үлестерін қосуда

2020 жылдың сәуір айынан бастап БҰҰ еріктілерінің арқасында Қазақстанда 500 мың адам карантин кезінде психикалық денсаулықты қолдау, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықты тоқтату және онлайн-оқытуды қоса алғанда, бірқатар мәселелер бойынша ақпарат алды.

Ұлттық еріктілер желісімен бірлесіп БҰҰ #HealthyAtHome онлайн еріктілер бағдарламасын іске қосты. Басында небәрі 200 адам қатысқан бастама бүгінгі таңда бүкіл ел бойынша жастарды қолдауға өз уақытын, білімі мен оң көзқарасын жұмсауға дайын 1500-ге жуық ынталы жас еріктілерді тартты. Жас еріктілер БҰҰ ұсынған ақпарат пен материалдарды қолдана отырып, әлеуметтік желілер арқылы COVID-19 туралы хабардарлықты арттырады және қоғамдастықтың жергілікті деңгейдегі маңызды хабарламаларға қатысуын арттырады.

Бағдарлама аясында еріктілер әртүрлі тақырыптардағы, соның ішінде коронавируc туралы жалған ақпараттан фактілерді ажырата білудің және қатысушылардың цифрлық медиамен жұмыс істеу дағдыларын нығайтудың маңыздылығы туралы апта сайынғы веб-семинарларға қатысады.


«БҰҰ маған COVID-19 және оның балаларға әсерін түсінуге көмектесіп қана қоймай, басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер мен идеяларды түсінуге көмектесті, сондай-ақ оларды басқа адамдарға жеткізу үшін бізге қажетті дағдылар мен білім берді», - дейді алматылық 14 жастағы Лина. «Менің қосқан үлесім құнды екенін және біздің қоғамға әсер ете алатынымды сезінуге қуаныштымын».

Әріптестіктің негіздемелік бағдарламасының басымдықтары, түпкі және аралық нәтижелері

ТҮПКІ НӘТИЖЕ 1.1

Кешенді сапалы әлеуметтік қызметтерге жақсартылған тең қолжетімділік

Қамтылған ТДМ:



2020 жылы БҰҰ-ның басты назарында Қазақстан Үкіметіне әлеуметтік секторда бар оң нәтижелерді қолдауға және сақталып отырған сәйкессіздіктерді жоюға қолдау көрсету болды. БҰҰЕТ әйелдер, жастар, балалар және осал топтар (яғни мүгедектігі бар адамдар, мигранттар және олардың отбасы мүшелері, адам саудасының құрбандары, босқындар, баспана іздеушілер, азаматтығы жоқ адамдар және инъекциялық есірткіні тұтынушылар) үшін көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті қоса алғанда, әлеуметтік қорғаудың ұлттық шараларын жақсарту арқылы әлеуметтік қорғаудың ең төменгі кепілдіктеріне қолжетімділікті қолдау туралы мәлімдеді.



2020 жылы БҰҰ агенттіктерінің негізгі назары келесілерге бағытталды:

1. АИТВ, С гепатиті, туберкулез (ТБ) және психобелсенді заттарды қолданумен байланысты бұзылуларды емдеу жөніндегі саясат пен нұсқауларды жетілдіру. АИТВ, С гепатитінен, туберкулезден және психобелсенді заттарды қолданумен байланысты бұзылулардан ем алатын адамдар санының көбеюі.
2. Инфекциялық емес аурулардың алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі ұлттық көп секторалдық саясатты әзірлеу және іске асыру.
3. Өмір бойы сапалы және әділ білім алуға қолжетімділікті кеңейту үшін білім беру саласындағы ұлттық саясат пен жоспарларды әзірлеу.
4. Оқушылардың салауатты өмір салты мен тұрақты дамуға ықпал ету үшін қажетті білім, дағдылар мен құндылықтар алуы.
5. Адам саудасы құрбандары мен осал мигранттардың құтқару, оңалту және реинтеграция қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету.
6. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мекемелері мен ауруханаларда ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі қызметтердің сапасын арттыру.
7. Осал топтарға сапалы әлеуметтік қызмет көрсетуде ұлттық әлеуметтік қорғау жүйесіне жәрдемдесу.
8. Үкіметке жасөспірімдердің психикалық және ұрпақ жаңғырту денсаулығын қоса алғанда, денсаулығы мен әл-ауқатын нығайту жөніндегі саясат пен бағдарламаларды іске асыруға және мониторингілеуге жәрдемдесу.
9. Ұлттық нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес үшін сапалы қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік субъектілердің әлеуетін нығайту.
10. Денсаулық сақтау аспектілерін барлық стратегияларға енгізу жөніндегі бастамаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы жергілікті саясаттар мен стратегияларды әзірлеу және іске асыру мақсатында денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлеріне мүдделі тараптармен саяси диалогқа қатысуға қолдау көрсету.



Нәтижесінде 100,000 жуық адам тікелей әлеуметтік қызмет алды. Атап айтқанда:

Әлеуметтік қызметтер порталында **57,448** адам тіркелді

17 өңір жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайтуға және суицидтің алдын алуға қаражат алды

С гепатиті, қан обыры, тоқ ішек обыры, тік ішек обыры және простата обыры бар

10,000 пациент сапалы дәрілік препараттар алды

120 астам адам саудасының құрбандары мен осал мигранттар әлеуметтік интеграция қызметтері аясында көмек алды

Түркістан облысындағы су тасқынынан кейін **1,500** әйел гуманитарлық көмек алды

6,500 астам адам білім алды, оның ішінде:

4,000 астам медицина қызметкері COVID-19 мәселелері бойынша оқытудан өтті

300 әлеуметтік қызметкер әлеуметтік сүйемелдеу бойынша оқытудан өтті

240 әлеуметтік қызметкер әлеуметтік жұмыс саласындағы негізгі құзыреттер бойынша оқытудан өтті

АИТВ-ны емдеу бойынша **180** маман балалар арасында АИТВ-инфекциясын емдеу бойынша оқытудан өтті

Ү-Peer-дің **80** ұлттық және өңірлік жастар көшбасшылары «тең-теңімен» тәсілін қолдана отырып, жасөспірімдер мен жастарды жыныстық және ұрпақ жаңғырту денсаулығы мәселелері бойынша оқыту бойынша оқытудан өтті

БҰҰ Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен (ЕХӘҚМ) әріптестікте жаңа цифрлық платформа - Әлеуметтік қызметтер порталын іске қосты. Бұл әлеуметтік қызметтерді ұсыну және әлеуметтік қорғау жүйесінің барлық қатысушыларына көмек көрсету үшін сенімді ақпарат көзі. Түпкі мақсат - мүгедектігі бар барлық адамдардың порталды пайдаланудан пайда алуы. (Бағалау бойынша, Қазақстанда 690,000 мүгедек адам бар).

2020 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша порталда

57,448 адам тіркелді

оның ішінде **317** жеткізуші

781 мүгедек адам

459 ымдау тілі маманы және жеке ассистенттер

2020 жыл ішінде **бірнеше нұсқаулар** әзірленіп, Үкіметке немесе әріптестерге бекітуге ұсынылды, оның ішінде жастар денсаулығы орталықтарындағы әлеуметтік қызметтер мен заң консультациялары бойынша; АИТВ-ға байланысты алдын алу, диагностикалау, емдеу және медициналық көмек көрсету жөніндегі клиникалық ұсынымдар; туберкулезді профилактикалық емдеу және туберкулезді анықтауға арналған жүйелі скрининг жөніндегі ұлттық нұсқаулықтар (Туберкулезге қарсы күрес жөніндегі ұлттық бағдарламамен әріптестікте); акушерлік қызметтерге бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық; жасөспірімдер мен жастарға ұрпақ жаңғырту денсаулығы мәселелері бойынша әр түрлі медициналық көмек және психологиялық кеңес беру қызметтерін көрсету үшін 22 клиникалық хаттама және алгоритм.

Сонымен қатар, БҰҰ COVID-19 пандемиясы кезінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек қызметтері мен әлеуметтік қызметкерлер ұсынатын үйге келіп науқасты қарау қызметтерінің сапасын бағалау, сондай-ақ Қазақстандағы COVID-19 жағдайын жылдам гендерлік бағалау сияқты **техникалық көмек көрсетті және бағалау жүргізді**. Сондай-ақ, БҰҰЕК **саясатты әзірлеуге және іске асыруға** көмектесті, мысалы, халықтың қартаюуы мен ұрпақтар аралық және гендерлік қатынастарға қатысты саясат.



«UniSat жобасы көптеген қыздардың алдында тұрған кедергілерді жоюға, зиянды қарым-қатынасты өзгертуге және бүкіл ел бойынша қыздар мен жастар арасында авиағарыш саласындағы мансапқа деген қызығушылықты оятуға көмектеседі», - дейді Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің инновациялар жөніндегі қызметкері Раушан Ибрашева.

Жұлдыздарға ұмтылу

2020 жыл бойы БҰҰ және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Ғылыми-технологиялық паркі UniSat жобасын, бес айлық тегін курсты іске қосты, оның барысында 14-35 жастағы 20 қыз бен әйел шағын жерсеріктерді жобалауды, салуды және ұшыруды үйренді.

10-24 жас аралығындағы жастар Қазақстан халқының бестен бір бөлігін құрайды, алайда білім алу бүгінгі және ертеңгі экономика үшін, оның ішінде ғылым мен техника, инженерлік Іс және математика (STEM) секторларында қажетті білім мен дағдыға жетуге үлгермеуде. БҰҰ үкіметпен және әріптестермен Қазақстанда, әсіресе қыздар мен жас әйелдер үшін STEM-білім беруді енгізу бойынша жұмыс істейді.

«UniSat жобасы көптеген қыздардың алдында тұрған кедергілерді жоюға, зиянды қарым-қатынасты өзгертуге және бүкіл ел бойынша қыздар мен жастар арасында авиағарыш саласындағы мансапқа деген қызығушылықты оятуға көмектеседі», - дейді Қазақстандағы ЮНИСЕФ-тің инновациялар жөніндегі қызметкері Раушан Ибрашева. Жоба сонымен қатар командалық жұмыс, тілдесу және жобаларды басқару сияқты кең қолдану дағдыларына үйретеді.

Болашақта БҰҰ жобаны инновациялық краудфандинг және демеушілік арқылы, сондай-ақ жерсеріктердің өздерін жетілдіру арқылы кеңейтуді жоспарлап отыр.

17 жастағы Әмина Саду бағдарлама арқылы өзіне сенімді болуға және көп нәрсені армандауға үйренді. Енді ол теориялық физикамен айналысқысы келеді және аз қамтылған отбасылардың балалары оқи алатын мектеп құрғысы келеді. «UniSat мен тіпті армандамаған жаңа мүмкіндіктерді ашты», - дейді Әмина.

ТҮПКІ НӘТИЖЕ 1.2

Экономиканы әртараптандыру жұмыссыздарға, жастарға және әлеуметтік жағынан әлсіз әйелдер мен еркектерге лайықты еңбек ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді

Қамтылған ТДМ:



2020 жылы БҰҰ агенттіктерінің негізгі назары келесілерге бағытталды:

1. Мәдениеттің экономикалық дамуға қосқан үлесі мәселелері бойынша хабардарлықты арттыру және әлеуетті нығайту.
2. Жастар мен ересектерге жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс және кәсіпкерлік үшін қажетті дағдыларға оқыту мақсатында білім беру жүйесін нығайту бойынша консультациялар беру және әлеуетті арттыру.
3. Азаматтардың құқықтары бұзылған адамдар үшін қолжетімді адами ресурстар мен қызметтердің нормаларын түсінуін жақсарту үшін хабардарлығын арттыруға күш салу.
4. Ауылдық жерлерде, оның ішінде қаржыландырудың жаңашыл тетіктерінің көмегімен лайықты жұмыс істеу үшін мүмкіндіктер жасау.
5. Қалаларда инновациялық төмен көміртекті бастамаларды іске қосу.
6. Әйелдердің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін ұлттық әлеуетті нығайту. Әйелдердің ақы төленбейтін жұмысқа қатысуына және күтім жөніндегі қызметтерге тең емес қолжетімділігіне байланысты жүйелі кедергілерді жою.
7. Әйелдердің табыс әкелетін қызметке қатысуын кеңейту мақсатында олардың экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту құралдарын әзірлеу.

Нәтижелері

БҰҰ қызметі

5,000

астам бенефициарды тікелей қамтыды



330,000 гектардан астам ауыл шаруашылық жерлері бар

37

ферма ЕО органикалық өндірісі бойынша сертификаттаудан өтті



Осал топтардың адами ресурстар нормалары мен қолжетімді қызметтер туралы хабардар болуын арттыру үшін

70

науқан ұйымдастырылды



Әлеуметтік осал топтардағы ауылда тұратын

68

әйел әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті жақсарту және кәсіпкерлік дағдыларды дамыту үшін компьютерлер, Интернетке қосылу және ресурстар алды

2,500

ауыл тұрғыны тұрақты ауыл шаруашылығы мен агротуризм саласында жұмыс істеуге және қосымша табыс алуға мүмкіндік алды



Еліміздің білім беру саласындағы саясатын нығайту үшін

379

мұғалім, жоғары және басқа да лауазымды тұлғалар өздерінің дағдылары мен білімдерін арттырды



Жастар арасынан

350

астам адам жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жақсарту үшін негізгі дағдылар мен білім бойынша сертификаттаудан өтті



Тәжірибелі мамандар мен лауазымды тұлғалар қатарынан

54

адам мәдениет пен

БҰҰ Әлеуметтік кәсіпкерлік туралы заңды әзірлеуге бастамашы болды (осал топтағы әйелдерге назар аудара отырып), әлеуметтік кәсіпкерлік туралы заңнама саласындағы озық халықаралық тәжірибеге талдау жүргізді және әйелдер үшін әлеуметтік кәсіпкерліктің табыстылығын бағалады. Сонымен қатар, БҰҰ мемлекеттік және жеке сектор өкілдеріне (жеке кадрлық агенттіктер мен кәсіпкерлерді қоса алғанда) адам құқықтары, жұмыс істеушілердің құқықтары және жалдаудың этикалық қағидалары мәселелері бойынша тренинг өткізді.

Экологиялық және экономикалық тұрақтылық

Жыл бойы Қазақстанның әртараптандырылған экономиканы құру, мұнай секторына тәуелділікті төмендету құралы ретінде «жасыл» экономикаға көшуіне ерекше назар аударылды. «Жасыл» экономикаға байланысты білім мен дағдыларды дамытуға, шағын және орта бизнес кәсіпорындарын дамытуға және жергілікті әкімшілердің әлеуетін нығайтуға басты назар аударылды. Экологиялық туризм, ерекше қорғалатын аумақтар, «жасыл» сатып алулар, сондай-ақ тұрақты қалалық даму және қалдықтарды басқару сияқты жаңа мүмкіндіктерді енгізуге қосымша назар аударылды. Бұдан басқа, БҰҰ үш пилоттық ұлттық паркте (Сайрам-Өгем, Катонқарағай және Көлсай көлдері) экологиялық туризмді басқарудың стратегиялары мен жоспарларын әзірлеуді қолдады.

Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптылығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесін БҰҰ климат және «жасыл» экономика саласындағы саясаттың интеграциясын күшейту және озық тәжірибені көрсету арқылы қолдады. БҰҰ 39 төмен көміртекті жобаны қаржыландыру үшін ауыл кәсіпкерлеріне қаржылық шешімдер, оның ішінде инновациялық қаржылық тетіктер және кредиттер берді. Сондай-ақ, БҰҰ жасыл облигациялар, факторинг және т.б. сияқты инновациялық қаржыландыру құралдарын әртараптандыруды қолдайтын «жасыл» қаржыландыру акселераторын іске қосты.



Барлығына жұмысқа орналасу мүмкіндігі

2020 жылғы сәуірде БҰҰ Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласында Мүгедек адамдарды кәсіптік оңалтудың жаңа орталығын іске қосты. Орталық мүгедектігі адамдарға жұмыс табуға көмектеседі.

Қазақстанда еңбекке қабілетті жастағы 430,000 мүгедек бар, бірақ олардың тек 25 пайызы ғана жұмыс істейді. Көптеген жұмыс берушілер стереотиптердің басым болуына және/немесе қолжетімді инфрақұрылымның болмауына байланысты оларды жұмысқа қабылдауға құлықсыз. Нәтижесінде мүгедектігі бар адамдардың көпшілігі тұрақты жалақысы немесе әлеуметтік қорғанысы жоқ уақытша жұмыс орындарында жұмыс істейді.

Оңалту орталығы клиенттерге жұмысқа бейімделуге көмектесу үшін психологиялық, заңгерлік және кәсіби кеңес береді, сонымен қатар жұмыс орында қолдау көрсетеді. Сондай-ақ, Орталықтың заңгері олардың құқықтарының сақталатынына және жалақысы тағылымдаманың басынан бастап төленетініне көз жеткізу үшін еңбек шарттарын зерттейді.

Есту қабілетінен айырылғанға дейін 38 жастағы Бауыржан Балмағамбетов түрлі ұйымдарда құрылыс алаңында прораб болып жұмыс істеген. Денсаулығына байланысты асқинулар басталған кезде жұмыс берушілер оған жұмыс беруден бас тарта бастады және бес жыл ішінде ол жұмысқа тұра алмады. Бірақ Орталық оған өмірін жақсы жаққа өзгертуге мүмкіндік берді. «Үш күн ішінде Орталықта маған қолғап тігу фабрикасында оператор жұмысы табылды», - дейді ол. «Енді мен отбасымды асырай аламын».

ТҮПКІ НӘТИЖЕ 1.3

Экожүйелер мен табиғи ресурстар қорғалады және тұрақты пайдаланылады, ал елді мекендер табиғи мен антропогендік табиғи апаттарға және климаттың өзгеруіне төзімді

Қамтылған ТДМ:



2020 жыл барысында БҰҰ агенттіктерінің жұмысы келесі бағыттарға негізделді:

1. Энергия тиімділігін арттыру, неғұрлым тиімді стратегияларды қолдау және парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша әлеуетті нығайту.
2. Шалғай өңірлердегі неғұрлым осал топтар кірістерінің тұрақтылығын арттыру.
3. Агроклиматтық апаттар мониторингі жүйелері мен құралдарын және ақпаратты ұлттық ерте ескерту жүйелеріне интеграциялау.
4. Тұрақты экологиялық саясатты әзірлеу және іске асыру, тұрақты орман пайдалану және тұрақты инфрақұрылым саласындағы ұлттық әлеуетті нығайту. Табиғи ресурстар мен жер үсті экожүйелерін қорғауды, орнықтылықты, тұрақты басқаруды және пайдалануды жақсартуды қамтамасыз ету.
5. Ұлттық деңгейде тұрақты тұтыну мен өндіріс практикасын енгізу және тиісті лауазымды тұлғалардың әлеуетін нығайту.
6. Ауыл шаруашылығы өндірушісінен соңғы тұтынушыға дейінгі тізбектегі тамақ өнімдерімен байланысты тәуекелдерді басқаруды жақсарту.
7. Ішкі көлік қатынастарын жақсарту және барлығына лайықты, барабар, қолжетімді, энергия тиімді және салауатты тұрғын үйді ілгерілету бойынша саяси шараларды әзірлеу.
8. Су ресурстары, ғылыми зерттеулер саласындағы білім беруді жақсарту және хабардарлықты арттыру арқылы су қауіпсіздігі саласындағы жергілікті және ұлттық сын-қатерлерге қарсы шараларды күшейту.
9. Адам денсаулығы мен қоршаған ортаны сынаптың жағымсыз әсерінен қорғауға бағытталған Минаматтық конвенцияны орындау үшін үйлестіру тетіктерін және заңнамалық базаны нығайту.

10. Алыс қашықтықтарға ауаның трансшекаралық ластануы туралы конвенция, Трансшекаралық сулар бойынша конвенция, Өнеркәсіптік апаттар туралы конвенция және Орхус конвенциясы шеңберінде әлеуетті арттыру бойынша қызмет.

Нәтижелері

47 елді мекен тұрақты төмен көміртекті даму моделін қабылдады

415,000 га жаңа ЕҚТА

46 шаруа қожалығы әртараптандырылған, климаттың өзгеруіне төзімді қызмет түрлерін қабылдады

Суаратын суды беруді автоматтандыру және жер асты суларының деңгейін басқару бойынша **2** құрал әзірленді



Энергетика және қоршаған ортаны қорғау министрліктерінің, сондай-ақ Әзірбайжан, Грузия, Қазақстан, Ресей, Түркіменстан және Өзбекстанның ұлттық мұнай компанияларының, халықаралық мұнай компаниялары мен ұйымдарының өкілдерімен мұнай-газ секторындағы метан шығарындыларын азайту бойынша жоғары деңгейдегі **1** кеңес өтті.

Энергия тиімді аспаптар мен жабдықтар есебінен **150,000** МВт/сағ энергия үнемделді

Климаттың өзгергіштігі мен өзгеруіне жауап ретінде **1,630,378** га экожүйе нығайтылды

Биоәртүрлілікті сақтаудың **2** қаржылық құралы жасалды

1 Бір шарттың тетігі әзірленді

Тәуекелдерді төмендету

БҰҰ халықтың қоршаған орта мен табиғи апаттарға, сондай-ақ климаттың өзгеруіне тұрақтылығын арттыруға көмектесті. Ауыл шаруашылығын жүргізу әдістерін жетілдіруге, экожүйелерді басқаруға, тұрақты балық аулауға және биоалуантүрлілікті сақтауға баса назар аударылды.

Ақпараттық-түсіндіру қызметі және үйлестіру арқылы БҰҰ табиғи апаттарға дайындықты қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға ден қою және ерте кезеңде қалпына келтіру үшін көп секторлы тәсілдерді қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етті. БҰҰЕТ табиғат пен қоршаған ортаны қорғауды адам денсаулығын қорғаумен байланыстыра отырып, тәуекелдерді бағалауды, тәуекелдерді басқаруды және бақылауды нығайтуға техникалық көмек ұсынды.

«Жасыл» экономикаға көшуді қолдау шеңберінде БҰҰЕТ су ресурстарын тұрақты басқаруды жақсарту мақсатында жұмыс жүргізді, қоршаған ортаны басқаруды жаңғыртуға ықпал етті және жергілікті деңгейде «жасыл» көшуге ықпал етті. БҰҰ ауылдық қауымдарға көмектесу үшін биоалуантүрлілікті және жерді пайдалануды тұрақты, бірақ кедейліктің азаюына ықпал ететін тетіктерді әзірлеуге және іске қосуға көмектесті. БҰҰ сонымен қатар табиғи ресурстар мен экожүйелерді тұрақты пайдалануға ықпал ету үшін елдегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту жұмыстарын жүргізді.

БҰҰ-ның орман экожүйелерін сақтау жөніндегі жаңа жобасы шеңберінде кейбір ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту, сондай-ақ жаңа ЕҚТА құру үшін биоалуантүрліліктің ағымдағы жай-күйін бағалау және жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу бойынша кешенді жұмыс басталды. Сонымен қатар, биоалуантүрлілікті сақтау мәселелері бойынша жастардың білім деңгейін арттыру үшін биоалуантүрлілікті сақтау және биосфералық қорықтарды сақтау бойынша оқу құралы әзірленді.



Үміт карталары

2020 жылдың мамыр айында әлемнің жетекші ғалымдары мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы сарапшылар Қазақстанның тіршілікті қамтамасыз ететін негізгі аудандары (ELSA) көрсетілген «үміт карталарын» жасау үшін ұлттық мүдделі тараптармен кездесті. ELSA - бұл биоалуантүрліліктің сақталуын қамтамасыз ететін және адамдарға көміртекті сақтау, азық-түлік, тұщы су, суды сүзу және апат қаупін азайту сияқты маңызды экожүйелік қызметтерді ұсынатын аудандар.

Қазақстан табиғатты қорғау, басқару және қалпына келтіру жөніндегі іс-қимылдар Қазақстанға биоалуантүрлілік, климат және тұрақты даму саласындағы өзінің стратегиялық басымдықтарын іске асыруға мүмкіндік беретін аудандар бойынша бағдар ретінде қызмет ететін «үміт карталары» құрылатын бес пилоттық елдің бірі болып табылады.

Жоба шеңберінде секторлар арасында диалог жүргізуге, түрлі басымдықтар арасындағы ымыра мен синергияны көрсетуге мүмкіндік беретін интерактивті құрал құрылатын болады.

«Сондай-ақ, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар, табиғи ресурстарды пайдаланушылар (фермерлер мен кәсіпорындар) тарапынан да, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелері тарапынан да экожүйелік қызметтер мен табиғи капитал туралы ақпаратқа сұраныс артып келеді», - деді Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Асхат Қайнарбеков.

Мамыр айында БҰҰ-ның, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің, Гордон және Бетти Мур қорының және Жаһандық экологиялық қордың (ЖЭҚ) қолдауымен Ұлттық географиялық қоғамның қолдауымен кездесу өтті. 2004 жылдан бері БҰҰ ЖЭҚ қаржылық қолдауымен, сондай-ақ Қазақстан Үкіметімен гранттар есебінен Қазақстанда биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі 10 бастаманы іске асырды.

ТҮПКІ НӘТИЖЕ 2.1

Құқық иеленушілер республикалық және жергілікті деңгейлерде шешімдер қабылдау және орындау үрдістеріне қатысуда, нәтижесінде адам құқықтарын іске асыруға жәрдемдеседі

Қамтылған ТДМ:



2020 жыл бойы БҰҰ техникалық қолдау көрсете отырып, халықаралық озық тәжірибені енгізе отырып және институционалдық әлеуетті нығайта отырып, Қазақстан Үкіметімен мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруды жетілдіру бойынша жұмыс істеді. Әлеуметтік қызметтер бойынша деректердегі олқылықтарға баса назар аудара отырып, бөлшектенген және субұлттық деректерді жинауға ерекше назар аударылды. БҰҰЕТ тиімді даму жоспарларын құруда дәлелді саясатты талдау және қолдану үшін неғұрлым бірыңғай дерекқорды қолдануға ықпал етті. Бұл Қазақстанның табыс деңгейі орташа ел ретіндегі мәртебесіне қарамастан, елдегі теңсіздіктерді ескергенде өте маңызды.

БҰҰЕТ ұлттық және облыстық деңгейлерде (Маңғыстау, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарына назар аудара отырып) денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау саласындағы саясатты әзірлеуге, жоспарлауға, іске асыруға және мониторингілеуге азаматтық қоғамның неғұрлым кеңінен қатысуын қолдайды. Сол сияқты, азаматтық қоғам ұйымдарына, әсіресе қауымдар деңгейінде, АИТВ жұқтырған адамдар мен жоғары қауіпті топтардың қажеттіліктеріне сәйкес АИТВ-мен байланысты саясат пен қызметтерді әзірлеуге белсенді қатысу ұсынылды.



2020 жыл барысында БҰҰ агенттіктерінің жұмысы келесі бағыттарға негізделді:

1. Құқық иеленушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында ұлттық саясат пен заңнаманы жетілдіру.
2. Мемлекеттік саясатты қалыптастыруға азаматтық қоғамның үлес қосуы бойынша әлеуетін қолдау.
3. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және ұлттық саясат пен халықаралық есептілікті әзірлеу үшін қолжетімді кешенді, өзекті және бөлшектенген деректерді жинау мүмкіндігін қамтамасыз ету.
4. Қазақстанда анандан балаға АИТВ берілуін жою және ДДСҰ сертификатын алу.
5. Жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі саясат пен бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруда көп салалы ынтымақтастыққа жәрдемдесу.
6. Гендерлік аспектілерді ескере отырып, жоспарлау және бюджет жасау саласындағы ұлттық әлеуетті нығайту.
7. Мемлекеттік қызметтердің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін құрылған цифрлық трансформация орталығын (DTC) іске қосуды қолдау.
8. Оқыту және желі құру арқылы шешім қабылдау деңгейінде белсенді қатысу үшін әйелдердің әлеуетін арттыру.

Нәтижелері:

Мемлекеттік қызметтердің сапасы туралы әлеуметтік сауалнамаға

14 өңірден
7,000 адам қатысты



Статистика комитетінің веб-сайтында халықтың қоныстануы саласындағы ахуалды талдау бойынша есеп (PSA) жүктеліп, жарияланды



Халық туралы, жаст адамдардың жыныстық және ұрпақ жаңғырту денсаулығы, әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты, гендерлік және ұрпақтар арасындағы қатынастар туралы, қартаю, гендерлік зорлық-зомбылық, сондай-ақ жыныстық және ұрпақ жаңғырту денсаулығы және мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы ұлттық бөлшектенген деректер жиналды және талданды; мұндай деректер саясатты қалыптастыру үшін қолжетімді.



Жоғары оқу орнындағы журналистиканың **10** бағдарламасы журналистік білім берудің халықаралық стандарттарын ілгерілетуге ықпал етті



Гендерлік сезімтал бюджеттеу бойынша мемлекеттік органдар өкілдері қатарынан (42 адам) ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды



Жергілікті атқарушы органда (Ақмола облысы) бағдарламалар мен процестерге пилоттық гендерлік талдау оны ұлттық деңгейде көбейту мақсатында жүргізілді



Ұлттық экономика министрлігіне мемлекеттік функциялардың кешенді тізілімін (7,000-нан астам функция) әзірлеу және облыстық деңгейдегі әкімшіліктерді жалпыұлттық функционалдық талдау бойынша техникалық көмек көрсетілді



PSA есептері мен «Ұрпақ және гендерлік аспектілер» (GGS) зерттеуінің негізгі қорытындылары Парламент Мәжілісіне (төменгі палатаға) және Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияға ұсынылды; министрліктерге, жоғары оқу орындарына, БҰҰ агенттіктеріне және елшіліктерге ұсынылады; сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылады.



Статистика комитетінің **16** маманы демографиялық талдау, трансферттердің ұлттық шоттары және белсенді қартаю индексін өлшеу әдістемесі бойынша оқытудан өтті.

15 **FAKE**

бұқаралық ақпарат құралына және БАҚ-пен байланысты бес ҰЕҰ-ға жалған ақпарат пен «жалған жаңалықтарды» ашкерелеуге, сондай-ақ сайлауды және әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты жария етуге қолдау көрсетілді



ТҮПКИ НӘТИЖЕ 2.2

Сот және құқықтық жүйелер мен мемлекеттік институттар әділ, жауапты, есеп беретін және барлығына қолжетімді

Қамтылған ТДМ:



Соңғы жылдары БҰҰ ұлттық әріптестермен (мысалы, Жоғарғы Сот және Жоғары Сот Кеңесі) ынтымақтастықта институционалды әлеуетті нығайту, соттар қызметінің тиімділігін арттыру және сот билігінің нақты тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұлттық сот жүйесін жаңғыртуға бағытталған елеулі шаралар қабылдады.

2020 жыл бойы БҰҰ Үкімет пен үкіметтік емес әріптестер арасында адам саудасына қарсы күрес және адам саудасының құрбандарына, баспана іздеушілерге, босқындар мен азаматтығы жоқ адамдарға көмек көрсетудің ұлттық үйлестіру тетігін құру мәселелері бойынша ұлттық диалогты қолдады. Қылмыстың алдын алу және қылмыстық сот төрелігін реформалау саласындағы жаңа құралдарды, стратегияларды, саясатты және бағдарламаларды әзірлеуге ерекше көмек көрсетілді.



2020 жылғы іс-шаралар мен нәтижелер:



Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі полицияның **166** қызметкері «Сот төрелігі бойынша білім беру» (E4J) онлайн-тренингтеріне қатысты



БҰҰЕТ судьялардың жұмысын жақсарту үшін бірнеше әдіснаманың әзірленуіне қолдау көрсетті



E4J білім беру құралының жалпыұлттық телетрансляциясы арқылы **159,210** адам қамтылды



БҰҰ Полицияны жаңғыртудың жол картасын іске қосуға көмектесті



Қауымдық полиция моделі Қарағанды облысында сәтті сынақтан өтті



28 банктің **44** өкілі «Терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл» ұлттық бағдарламасы бойынша оқудан өтті



БҰҰ құқық қорғау органдарына, түзету мекемелеріне және сот төрелігіне техникалық көмек көрсететін оралған шетелдік террористік содырларды ұстау бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті



БҰҰ Қазақстан түрмелеріндегі зорлық-зомбылықтың радикалдану себептері туралы әлеуметтік сауалнама жүргізді. Сондай-ақ БҰҰ Қостанай полиция академиясының базасында Түрмелерде экстремизмнің алдын алу бойынша түрме қызметкерлерін оқытудың жаңа орталығын құруға көмектесті



БҰҰ түрмедегі оңалту және босатылғаннан кейін тұтқындарды әлеуметтік реинтеграциялау бағдарламаларына ситуациялық талдау жүргізді



Қарағанды және Павлодар облыстарының сегіз түрмесінде қамаудағыларды жіктеудің жаңа жүйесі, оның ішінде тәуекелдер мен қажеттіліктерді бағалау құралы сынақтан өткізілді



БҰҰ 107 түрме қызметкерінің біліктілігін арттыра отырып, түзеу мекемелерінің қауіпсіздік аудиті жүйесін әзірлеу мен сынақтан өткізуде сараптамалық қолдау көрсетті



БҰҰ Парламентке сайлау туралы Конституциялық заңға және Саяси партиялар туралы заңға түзетулер әзірлеуде техникалық қолдау көрсетті, оның аясында саяси партиялардан кандидаттар тізіміне әйелдер мен жастар үшін гендерлік квота енгізіледі

ТҮПКИ НӘТИЖЕ 3.1

Үкімет әріптестермен бірлесіп, өңірде ТДМ қол жеткізуге ықпал етеді және Біріккен Ұлттар Ұйымының қағидаттары, стандарттары мен конвенцияларын ілгерілетуде және іске асыруда көшбасшы болып табылады

Қазақстан кейбір халықаралық ұйымдарға неғұрлым белсенді қатыса отырып және барлық континенттерде өкілдік ете отырып, өзінің дипломатиялық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазақстанның орналасқан жері мүмкіндіктерді де береді және проблемаларды да тудырады. Теңізге шыға алмайтын ел ретінде ол су тапшылығы мен ықтимал тұрақсыздық мәселелерінде бәсекелес өңірлік көзқарастарға геосаяси және мәдени тұрғыдан осал. Қазақстан Орталық Азия елдері - Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанмен тығыз дипломатиялық және экономикалық ынтымақтастықты қолдайды. Өткен жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесі аймақ елдері арасындағы байланыстарды нығайту үшін маңызды аймақтық бастамаларды жүзеге асыруды қолдады.

БҰҰ сондай-ақ ТДМ бойынша жаһандық бастамаларға Қазақстанның белсенді қатысуына ықпал етті және ТДМ-ге жетуде Үкіметтің әлеуетін нығайтуға көмектесті.



2020 жыл барысында БҰҰ агенттіктерінің жұмысы келесі бағыттарға негізделді:

1. Көші-қон, оған байланысты сын-тегеуріндер мен ТДМ бойынша тиімді өңірлік диалог жүргізу үшін Орталық Азия үкіметтерінің әлеуетін нығайту.
2. Қазақстан Орталық Азиядағы азаматсыздықты азайту мен оның алдын алуда жетекші рөл атқарады.
3. «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-қимылдардың өңірлік бағдарламасының (REAP)» орнын басқан «Орталық Азияның тұрақты дамуының 2020-2030 жылдарға арналған өңірлік экологиялық бағдарламасын (REP4SD)» әзірлеу және бекіту.
4. Салалық министрліктердің БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған арнайы бағдарламасы (СПЕКА) арқылы трансшекаралық және субөңірлік мәселелерді түсінуін жақсарту.
5. Даму мақсатында (ДРК) шетелдік көмекті бөлу туралы шешім қабылдау кезінде баланың ең үздік мүдделерін есепке алуды қамтамасыз етуге арналған стратегиялар.
6. Сыртқы істер министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Ұлттық экономика министрлігінің (Статистика комитеті) және Білім және ғылым министрлігінің ТДМ мониторингі және тиісті өңірлік платформаларға жәрдемдесу саласындағы әлеуетін арттыру.
7. ДРК-нің ауқымды саясаты шеңберінде Ауғанстан әйелдерінің Қазақстан мен Өзбекстанда сапалы жоғары білім алуға, техникалық және кәсіптік білім алуға және оқуға қол жеткізуін кеңейтуге жәрдемдесу.
8. Орталық Азия үкіметтеріне зорлық-зомбылық экстремизмінен, терроризмнен, есірткінің заңсыз айналымынан және ұйымдасқан қылмыстан туындайтын трансұлттық қатерлерге тиімді қарсы тұру бойынша олардың әлеуетін нығайтуға; су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге; әлеуметтік-экономикалық осалдықты жоюға; этносаралық шиеленісті жұмсартуға қолдау көрсету.
9. Апаттар қаупін азайту (АҚА) және климаттың өзгеруіне бейімделу үшін ғылым мен саясаттың өзара әрекеттесуін күшейту.
10. Үкіметке Қауіпсіздік кеңесінің 1325 қарарын (Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік), Еуропа Кеңесінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы конвенциясын, сондай-ақ Бейжің декларациясы мен Іс-қимыл платформасын (1995 ж.) қоса алғанда, халықаралық шарттарға негізделген оның міндеттемелерін орындауда көмек көрсету.



2020 жыл бойы БҰҰ жүйесі Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын (ОАӨЭЫ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын (ЕКҰҰ) және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымын (ҰҚШҰ) қоса алғанда, өңір елдері арасындағы қатынастарды жолға қою үшін аса маңызды болып табылатын өңірлік бастамаларға қолдау көрсетті. Сондай-ақ, БҰҰЕТ трансұлттық ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ынтымақтастықты кеңейтуге; өңірлік байланысты нығайтуға ықпал етті; аралас көші-қон, адам саудасы, есірткі саудасы және өңірлік азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты мәселелерді шешуге қатысуды ынталандырды.

Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған «Басты назарда» бастамасының өңірлік бағдарламасы әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықпен, сондай-ақ гендерлік зорлық-зомбылықпен күресу мақсатында іске қосылды. Ол Орталық Азия мен Ауғанстандағы бес елде 233,000 адамға тікелей және 46 млн. адамға жанама пайда әкеледі деп күтілуде.

2020 жылы БҰҰ келесі іс-шараларды жүзеге асырды:

- Орталық Азия елдерінде зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алу (ЗЭА) мәселелерінде қалыптасып келе жатқан озық тәжірибені, сондай-ақ халықаралық субъектілердің ЗЭА-нің күш-жігері мен өңірдегі ынтымақтастықты одан әрі қолдаудағы рөлін зерделеу үшін Орталық Азия елдері үкіметтерінің жоғары лауазымды өкілдері, сондай-ақ БҰҰ, Дүниежүзілік Банк, Ұлыбританияның Сыртқы істер және халықаралық даму министрлігі (FCDO) және

«International Alert» ұйымының жоғары лауазымды өкілдері қатысқан жоғары деңгейдегі жаһандық конференция.

- Ұлттық билік органдарының 100 жуық өкілі, даму жөніндегі халықаралық әріптестер, азаматтық қоғам және жастар қатысқан «Орталық Азияда зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу: қол жеткізілген прогресс және алдағы сын-қатерлер» өңірлік диалогы.
- БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 2250 қарары, жастарды дамыту қағидаттары, бейбітшілік пен қауіпсіздік және қақтығыстарды талдау саласындағы күн тәртібі туралы Орталық Азия жастарының хабардарлығын арттыру, сондай-ақ мәдениетаралық алмасу, диалог, қорғау және сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін екі өңірлік жастар алмасуы.

Бірнеше семинар өткізілді, оның ішінде Орталық Азия елдерінің 15 мемлекеттік органдарының өкілдері үшін терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша оқу курсы; жұмысқа қабылдаудың этикалық практикасын енгізуді қолдау үшін жеке сектордың үкіметтері мен әріптестері үшін әлеуетті арттыру бойынша өңірлік семинар; және 165 мемлекеттік органдардың өкілдері үшін ТДМ өзара байланысы және ТДМ-ды ұлттық жоспарлауға интеграциялау әдістері бойынша семинар.

БҰҰ сонымен қатар:

- Статистика комитетінің «Қазақстандағы ТДМ гендерлік бейіні» және «2015-2019 жылдардағы ТДМ статистикалық жинағы» атты екі жарияланымна техникалық қолдау көрсетті.
- Екі талдау құжатын дайындады: «Тұжырымдамалық негіздер: Орталық Азия елдеріндегі терроризм мен зорлық-зомбылық экстремизмін анықтаудың және криминализациялаудың негізгі мәселелері» және «Рәсімдік шеңберлер: Орталық Азияда террористік және зорлық-зомбылық экстремистік қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық қудалау және сот жауапкершілігіне тарту».
- Қазақстан мен Өзбекстанда таңдалған бағыттар бойынша білім алу үшін ауған әйелдеріне 50 стипендия марапаттады.

Негізгі сын-қатерлер

ТДМ жетудегі айтарлықтай жетістіктерге қарамастан, көпшілігі COVID-19 пандемиясымен байланысты бірқатар сын-қатерлер де болды.

- COVID-19 ел ішіндегі айырмашылықтарды күшейтті, ал пандемияның салдары ТДМ-ға қол жеткізуге қауіп төндірді.
- COVID-19 өршуіне байланысты халық медициналық және басқа да әлеуметтік қызметтерге қолжетімділіктің шектеулігіне тап болуда.

• Қаржыландыру мүмкіндіктерінің төмендеуіне байланысты ресурстарды жұмылдыру және алу төмендеді. БҰҰЕТ қаражатын қайта бағдарлауға мәжбүр болды, ал кейбір жағдайларда пандемияға жауап ретінде жоспарланған іс-шараларды кейінге қалдырды.

• Көптеген әріптестер, әсіресе осал топтар, қозғалыс мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан және көптеген топтардың интернетке қол жетімділігі шектеулі болғандықтан БҰҰ бағдарламаларымен қамтыла алмады.

• Әлемнің көптеген басқа елдеріндегідей, БҰҰЕТ қашықтықтан жұмыс істеуге тез ауысуға, соның ішінде онлайн режимінде бағдарламалар, тренингтер мен кездесулер өткізуге мәжбүр болды. Онлайн іс-шаралардың сапасы мен ықпалын бағалау қиын. Мұндай іс-шаралар неғұрлым кең аудиторияны қамтуға мүмкіндік берсе де, онлайн-талқылаулар жеке кездесулерді алмастыра алмайды.

Әріптестікті қолдау және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібін қаржыландыру

COVID-19 пандемиясынан туындаған проблемалардың сақталып отырғанына қарамастан, Қазақстандағы БҰҰЕТ Қазақстан үкіметімен және БҰҰ жүйесіне кірмейтін басқа субъектілермен әріптестікті қоса алғанда, басқа бағдарламалар үшін ресурстарды жұмылдырды.

2020 жылғы қарашада БҰҰ қолдауымен Қазақстан Үкіметі Қазақстандағы гендерлік аспектілерді ескере отырып, кешенді ұлттық қаржыландыру жүйесін (INFF) әзірлеу жөніндегі болашақ күш-жігерді кеңейту және қолдау үшін ТДМ Бірлескен қорынан ТДМ үшін жаңа қаржыландыру ретінде 1 млн. доллардан астам қаражат бөле алды. Бұл қор Үкіметке мемлекеттік шығыстардың тиімділігі мен пәрменділігін арттыру және ТДМ-ды қосымша қаржыландыруды жұмылдыру үшін ТДМ-ды қаржыландырудың біртұтас стратегиясын әзірлеуге; ұлттық жоспарлауды, бюджеттеуді және қаржыландыруды ТДМ-мен (баланың гендерлік аспектілері мен аспектілерін ескеруге ерекше назар аудара отырып) байланыстыруға; және үкіметтік емес субъектілерді бюджет процесіне

тарту арқылы ТДМ-ды мониторингілеу және оның есептілігі тетіктерін нығайтуға көмектеседі. Мысалы, 2020 жылдың соңына қарай Статистика комитетімен бірлесіп, ТДМ 34 гендерлік көрсеткіштері бойынша Қазақстанның прогресін көрсететін ТДМ гендерлік бейіні жарияланды.

Тағы бір мысал – БҰҰ-ның 2020 жылы «Климаттың өзгеруі жағдайында мұздық көлдердің жарылуынан (МКЖ) туындаған су тасқынынан Орталық Азия халқының осалдығын төмендету» өңірлік жобасын іске асыру үшін бейімдеу қорынан 6,5 млн. долл. жұмылдыру болып табылады. Жоба мониторингті күшейту, ерте ескертудің озық жүйелері және талдамалық әлеует пен ден қою мүмкіндіктерін жақсарту есебінен МКЖ-мен байланысты әлеуметтік тәуекелдер мен осалдықтарды төмендету арқылы Орталық Азиядағы климаттың өзгеруіне бейімдеу бойынша стратегияларды нығайтуға бағытталған. Бұл жоба Үкіметке ТДМ-ге, атап айтқанда 6 ТДМ, 11 ТДМ, 13 ТДМ және 15 ТДМ-ге қол жеткізуге ықпал етуге көмектеседі.



Қаржы ресурстарын жұмылдырудан басқа, БҰҰ Қазақстандағы ТДМ ұлттық платформасы сияқты бірнеше инновациялық әріптестіктерді құрды және оларға қолдау көрсетті. БҰҰ құрған платформаға 1500 астам ұлттық әріптестер, сарапшылар, талдау орталықтары, жастар, ғылыми орта және ҰЕҰ өкілдері қатысады. ТДМ платформасы әлеуметтік қорғауды нығайта отырып, шағын және орта кәсіпорындардың тұрақтылығын арттыра отырып және дағдыларды дамытуды қолдай отырып, пайдаланушыларға осал топтарды жақсырақ түсінуге және қолдау көрсетуге көмектеседі.

Өңірлік деңгейде Қазақстан Үкіметі мен БҰҰ ДБ бастамасымен құрылған Астанадағы Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хаб (ACSH) әлеуетті арттыру бойынша 20 астам онлайн-іс-шара ұйымдастырды, оған Хабқа қатысушы 46 елдің 3,500 астам мемлекеттік қызметшілері, ғалымдары мен сарапшылары қатысты. Сондай-ақ, ACSH COVID-19-ға жауап беру бойынша тәжірибе алмасуды жеңілдету үшін виртуалды тәжірибешілер одағын іске қосты. Цифрлық платформа әртүрлі елдер мен ұйымдарда қолданылатын қолданыстағы тәжірибелер мен инновациялық шешімдерді жинайды және таратады. Бүгінгі таңда 10 астам ел мен 20 ұйым осы цифрлық платформаға өңірде және одан тыс жерлерде қолданылатын тәжірибелер мен инновациялық шешімдер туралы 40 астам мысалдар мен мақалалар тарату арқылы өз үлестерін қосты.

БҰҰ ТДМ ұлттандыру және прогресті жеделдету бойынша ұлттық әріптестердің күш-жігерін

қолдауды жалғастырды. Азаматтар мен ұлттық әріптестердің ТДМ туралы хабардарлығын арттыру мақсатында әртүрлі салалардан 17 сарапшының қатысуымен ТДМ туралы 17 бейнероликтен тұратын серия түсірілді. Бұл бейнероликтер ТДМ тұрғысынан проблемаларды анықтауға және ұлттық жоспарлау жүйесіне енгізу бойынша Үкіметке ұсынымдар ұсынуға бағытталған «Миссия-2030» цифрлық ойынына қатысу үшін алғышарт болды.

БҰҰ-мен тиімді әріптестік Қазақстаннан тыс жерлерде де орын алды. Мысалы, Қазақстан 2011 жылы БҰҰ-мен ынтымақтастықта іске қосқан Алматы процесі Орталық Азия өңіріндегі босқындарды қорғау және халықаралық көші-қон жөніндегі өңірлік консультативтік процесс болып табылады және оған жеті қатысушы мемлекет: Қазақстан, Әзірбайжан, Ауғанстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Түркия кіреді. Иран мен Пәкістан бақылаушы мәртебесіне ие. 2020 жылы БҰҰ Алматы процесі шеңберінде Орталық Азиядағы аралас көші-қон ағындарының маңызды аспектілері мен өзекті мәселелерін талқылау үшін техникалық сарапшылардың үш кездесуін ұйымдастырды, оның ішінде Алматы процесінің алдағы жылдарға арналған негізгі басымдықтары мен мақсаттары бар стратегияны әзірледі.

БҰҰ өңірлік ынтымақтастықты нығайтуға және желілерді құруға жәрдемдесуге және озық тәжірибемен және зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алуға (ЗЭА) арналған халықаралық танылған тәсілдемелермен алмасуға бағытталған зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алу және оған қарсы күрес (CAPVE) бойынша Орталық Азия желісіне қолдау көрсетуді және шоғырландыруды жалғастырды. 2020 жылғы желтоқсанда Орталық Азия елдерінен мемлекеттік органдардың, азаматтық қоғамның және академиялық топтардың 68 өкілі (олардың 49 пайызы - әйелдер), сондай-ақ БҰҰ халықаралық сарапшылары мен халықаралық қоғамдастық өкілдері CAPVE өңірлік онлайн-кездесуіне қатысты. Кездесу барысында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы CAPVE жаңа басқарушы органы ретінде айқындалды.



БҰҰ күшейтілген ұжымдық жұмысының нәтижелері: БҰҰ үйлесімділігі, тиімділігі және пәрменділігі

Қазақстандағы БҰҰ-ның Қазақстан Үкіметімен келісілген ДӘНБ БҰҰ бағдарламалары мен қорларына тиімді әрі нәтижелі жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Мысалы, БҰҰ агенттіктері мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы ынтымақтастықты кеңейту үшін кейбір бірлескен бағдарламалар әзірленді (мысалы, БҰҰ-ның бірнеше агенттігі Статистика комитетімен бірге Комитеттің деректерді, оның ішінде бөлшектенген деректерді жинау саласындағы әлеуетін нығайту бойынша жұмыс істеді).

2020 жылы БҰҰЕТ бес нәтиже тобына зейін қойды (ДӘНБ-ның бір немесе екі түпкі нәтижесін қамтитын бес тақырыптық облыстың әрқайсысы үшін бір-бірден). Нәтижелері бойынша әр топтың тең төрағалары БҰҰЕТ атынан екі агенттіктің басшылары болды және әр топ 2020 жылға арналған бірлескен жұмыс жоспарын жасады. Бұл жұмыс жоспарлары БҰҰ агенттіктері арасындағы қызметті үйлестіру және нәтижелер туралы есеп беру үшін пайдаланылды (мысалы, жылдық есептер). Нәтижелер бойынша бұл топтар бағдарламалар бір-біріне ұқсас болған кезде бірін-бірі толықтырып, қайталамауын қамтамасыз ете отырып, агенттіктер арасындағы жалпы байланыс пен үйлестіруді жақсартуда маңызды рөл атқарды. Сондай-ақ, олар бенефициарларға бірнеше агенттіктерге емес, бір ұйымға есеп беруге мүмкіндік берді, бұл олардың жұмыс жүктемесін төмендетіп, коммуникацияларды жақсартты.

Нәтижелер бойынша топтары мен бірлескен бағдарламалардан басқа, Тұрақты үйлестірушінің кеңсесі Стамбулдағы Даму мақсатындағы қызметті үйлестіру жөніндегі басқарманың Өңірлік кеңсесімен (DCO) және Нью-Йорктегі DCO штаб-пәтерімен жәрдемдесу тұрғысынан да, осы кеңселердің ұсынымдарын орындау тұрғысынан да тығыз байланыста болды. ТҮК корпоративтік басымдықтарды өз нәтижелеріне біріктіру үшін мүмкіндіктерді пайдалануды жалғастырды. Сонымен қатар, өңірдегі және одан тыс жерлердегі ТҮК әріптестерінің арасындағы бейресми желілік тетіктер бірқатар мәселелер бойынша идеялармен

алмасу үшін пайдалы болып шықты (мысалы, БҰҰЕТ қызметін басқару тетіктері).

Тұрақты үйлестірушінің жалпы басшылығымен БҰҰЕТ «COVID-19 әлеуметтік-экономикалық әсерін талдауды» дайындады және Үкіметке бірлескен «Әлеуметтік-экономикалық әрекет ету және қалпына келтіру жоспарын» ұсынды. Осы процесс барысында БҰҰ-ның әрбір агенттігі БҰҰ-ның Қазақстан үшін бекітілген негіздемелік бағдарламалары шеңберінде COVID-19-ға жауап қайтару жағдайында өз рөлін қайта қарады.

Наурызда БҰҰ Тұрақты үйлестірушісінің кеңсесі тиімді үйлестіру және тез шешім қабылдау


мақсатында COVID-ке жауап беру шараларын басқару тобын құрды. Бұл топ төрт ведомствоаралық топтан тұрады: 1) Төтенше жағдайларға жауап беру, 2) Төтенше жағдайлар орын алған жағдайда жоспарлау, 3) COVID мәселелері бойынша коммуникация және 4) COVID-ке әлеуметтік-экономикалық жауап беру. Наурыздан бастап БҰҰЕК-ның барлық кеңестерінде (ай сайын өткізіледі) COVID бойынша жаңартылған ақпарат ұсынылады.

ДӘНБ жетістіктерін жақсартуға және кеңейтуге ұмтыла отырып, БҰҰЕК өңірлік бағдарламалық ынтымақтастық БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы ынтымақтастық жөніндегі жаңа

негіздемелік бағдарламасының (ТДМЫНБ) нәтижелерінің (түпкі нәтижелерінің) барлық салаларына, оның ішінде климаттың өзгеруі мен қоршаған ортаға, білім беруге, энергетикаға, гендерлік теңдікке және әйелдердің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге, гендерлік зорлық-зомбылыққа, денсаулық сақтауға, білімге негізделген дамуға, әлеуметтік қорғауға, статистикаға, тұрақты көлікке, саудаға, транзит пен байланысқа, сондай-ақ сумен жабдықтауға интеграцияланатын болады деп шешті.

2020 жылдың екінші тоқсанында, 2021-2025 жылдарға арналған жаңа негіздемелік бағдарламаны әзірлеудің соңғы кезеңінде БҰҰЕТ өз мүшелерінің жеке және ұжымдық мүмкіндіктеріне бағалау жүргізді. Бағалау көрсеткендей, іске асыру мүмкіндіктері, әсіресе гендерлік теңдік (ТДМ 5) және адам құқықтары/бейбітшілік, әділеттілік пен күшті институттар (ТДМ 16) салаларында қаржыландырудың және адами ресурстардың жеткіліксіздігімен шектелді. Осы бағалау нәтижесінде БҰҰЕК күшті және әлсіз жақтарға, мүмкіндіктер мен қауіптерге (SWOT) талдау жүргізді, соның нәтижесінде әлеуетті дамытудың неғұрлым тиімді стратегиялары әзірленді.

Жедел қызмет стратегиясы (BOS) шеңберінде кейбір жалпы қызметтерді бірлесіп жоспарлау және үйлестіру есебінен қайталауды қысқарту тұрғысынан тиімділікке қол жеткізілді. Аз дәрежеде БҰҰ агенттіктері ДӘНБ-ны ресурстарды жұмылдыруға арналған платформа ретінде пайдаланды. Бірнеше агенттіктердің қатысуымен бағдарламаларды бірлесіп әзірлеу өңірлік айырмашылықтар мен тұрақты дамуға тең емес қолжетімділікті жоюда тиімді болды және мүдделі тараптардың үлкен қызығушылығы мен жауапкершілігімен сипатталды. Алайда ол шектеулі болды.



Ынтымақтастықтың келесі негіздемелік бағдарламасында ТДМ-нің нақты міндеттері бар, ал БҰҰ бірнеше агенттіктерінің осы салаларда мандаттары мен салыстырмалы артықшылықтары бар болғандықтан, БҰҰ агенттіктері арасында үлкен үйлестіру және шаралардың өзара толықтырылуы үшін үлкен әлеует бар.



COVID-19 індетіне қарсы күресте ортақ жұмыс

COVID-19 пандемиясы ұлттық үкіметтер, БҰҰ және олардың әріптестері үшін қиындықтар туғызды. Бірақ ол сондай-ақ БҰҰ-ның дағдарыстарға жауап берудегі жеделдігі мен икемділігін баса көрсетті. 2020 жылдың тамызында БҰҰЕТ «Қазақстан үшін COVID-ке жауап беру және қалпына келтіру жоспарын» әзірледі. Жалпы алғанда 53 бағдарламалық жобаға 14,56 млн. долл., ал тағы 1,14 млн. долл. 35 бағдарламалық емес жобаға бөлінді.

Бұл жауап беру шараларының жоспары ең осал топтар мен назардан тыс қалу қаупі бар адамдарға ерекше назар аудара отырып, пандемияның қысымында өмір сүретін адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарын қорғауға арналған бес бағыттан тұрады (бәрінен маңыздысы денсаулық; адамдарды қорғау; жауап беру шаралары және экономиканы қалпына келтіру; макроэкономикалық жауап беру шаралары және көпжақты ынтымақтастық; сондай-ақ әлеуметтік ұйымшылдық және тұрақтылық).

Сонымен қатар, БҰҰ Азия даму банкімен (АДБ) әріптестікте Қазақстан үшін ниеттестік және COVID-19 күрес қорын құрды, оның мақсаты жаңа секторлардағы әлеует пен дағдыларды арттыру үшін қажетті оқыту мен қайта даярлауды қамтамасыз ету болып табылады.



Бірлескен коммуникациялар және ақпараттық-түсіндіру қызметі

2020 жылы БҰҰ-ның коммуникациялар жөніндегі тобының қызметі БҰҰ агенттіктерінің COVID-19 қауіп-қатерлері туралы хабарлау, жұртшылықтың қатысуы және БҰҰ-ның халықаралық тақырыптық күндері, оның ішінде «БҰҰ75» науқаны сияқты негізгі коммуникациялық басымдықтар бойынша бірлескен жұмысын кеңейтуге бағытталды. БҰҰЕТ COVID-19-ға жауап беру жөніндегі коммуникациялық күш-жігері қауіпсіздік және COVID-19 алдын алу туралы ақпаратты таратуға, стигмаға қарсы күреске, тұрмыстық зорлық-зомбылық пен оқшауланудан шаршау туралы хабардарлықты арттыруға, сондай-ақ жалған ақпаратқа қарсы тұруға бағытталған. Аса осал адамдарға (балаларға, әйелдерге, мүгедектігі бар адамдарға және мигранттарға) ақпарат беруге ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, 2020 жылы БҰҰЕТ БҰҰ-ның халықаралық мерекелері мен науқандарына арналған көптеген онлайн-ақпараттық іс-шаралар ұйымдастырды, оның ішінде БҰҰ75 науқаны, Адам құқықтары күні, Холокост құрбандарын еске алу күні, Халықаралық қыздар күні, Халықаралық әйелдер күні және Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік және Жастар күні, оның барысында Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған «Басты назарда» бастамасының өңірлік бағдарламасы ресми түрде іске қосылды. Әлеуметтік

желілердегі белсенділікті арттырудың арқасында Интернеттегі жалпы қамту деңгейі 873,000 адам қатысуы мен 15 млн. қарауды құрады.

Жедел қызмет стратегиясын іске асыру

2020 жылға арналған БҰҰЕТ жедел қызметінің стратегиясы мыналарды қамтыды:

- Қаржылық қызметтер бағыты (банктік қызметтерге арналған келісімшарттарды басқаруға баса назар аудару);
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) бағыты;
- Кадрлық бағыт (жергілікті консультанттар мен жеке мердігерлер үшін мөлшерлемелерді келісу бойынша жұмыс);
- Сатып алу бағыты;
- Ортақ үй-жайларды қоса алғанда, жалпы әкімшілік қызметтер (ортақ үй-жайлардың экологиялық тұрақтылығына баса назар аударатырып; автомобильдерді бірлесіп пайдалану; және полиграфиялық қызметтерге ұзақ мерзімді келісімдер).

Инновациялардың, ынтымақтастықтың және өзгерістерді басқару бастамаларының арқасында олардың әрқайсысындағы қызмет қолда бар ресурстық шектеулер аясында нәтижелерге тиімді қол жеткізуге ықпал етті.

Мысалы, БҰҰЕТ қалдықтарды басқарудың экологиялық қауіпсіз әдістерін және АКТ саласындағы жетілдірілген шешімдерді енгізу есебінен жалпы үй-жайларды қоса алғанда, қызметтерді жалпы басқаруда жақсартуға қол жеткізді. АКТ бойынша әріптестер екі өңірдегі (Алматы және Нұр-Сұлтан) барлық агенттіктер үшін және БҰҰ тиісті қызметкерлерінің барлық есептік жазбалары үшін қолжетімді жаңа платформа құрды. АКТ-ның жаңа бағыты жалпы қызметтерді тиімді, пәрменді және ашық түрде брондаудың бірыңғай тәсілін ұсынатын ыңғайлы және икемді жүйе болып табылады. Сонымен қатар, АКТ саласындағы әріптестер барлық қолданыстағы ұзақ мерзімді келісімдер үшін орталық дерекқор құрды. Бұл БҰҰЕТ-на жеткізушілерді тарту үшін бағдарламалық және әкімшілік қажеттіліктерді тиімдірек қанағаттандыруға көмектеседі.



Сараптама және негізгі түйін

2020 жыл ДӘНБ-ның аяқталуымен атап өтілгендіктен, оның түпкі бағасы жасалды, бұл бағалау ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасында есепке алу үшін болашаққа бірқатар сабақ алуға мүмкіндік берді:

- Тиісті көрсеткіштер мен деректердің жетіспеушілігі әйелдерді, балаларды және мүгедек адамдарды қоса алғанда, осал топтардың мәртебесін бағалауды қиындатты.
- Гендерлік аспектілер толық көлемде ескерілмегендіктен, гендерлік аспектілерге қол жеткізу мониторингі жеткілікті дәрежеде жүргізілген жоқ. Осылайша, гендер ТДМЫНБ және жаңа бірлескен жұмыс жоспарлары шеңберіндегі бағдарламалар мен бастамаларға жеткілікті дәрежеде интеграциялануы тиіс.
- БҰҰ агенттіктері Нәтижелер бойынша топтарға да, БҰҰЕТ басқа жұмыс топтарына да кіретіндіктен, ұтымды жұмыс ұсынылады.
- ынтымақтастықтың жаңа негіздемелік бағдарламасын енгізу БҰҰ жүйесінің салыстырмалы артықшылықтары бар және БҰҰ агенттіктері күш-жігер мен стратегиялық әріптестікті барынша шоғырландыруға қол жеткізе алатын салаларда (мысалы, кешенді интеграцияланған әлеуметтік қызметтер саласындағы жаңашыл, көп секторлы тәсілдерді ілгерілеті отырып) ТДМ-ға қол жеткізуге көбірек көңіл бөлуге тиіс.

• ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы туралы тиімді хабардар ету және мүдделі тараптар алдында есеп беруді күшейту стратегиялық әріптестікті дамыту үшін маңызды мәнге ие. Мониторинг пен нәтижелерді бағалау агенттіктерінің неғұрлым кең қатысуымен жүргізілуге және ТДМ қол жеткізуге қосқан үлесі туралы жиналған ақпарат пен деректер тұрғысынан БҰҰ агенттіктерінің де, ұлттық әріптестердің де қажеттіліктеріне сәйкес келуге тиіс.

• Бірлескен қызмет үшін ортақ мақсат қою және жекелеген агенттіктердің бағдарламаларын және есеп беру форматтарын әзірлеуге байланысты бәсекелес басымдықтардан аулақ болу өте маңызды. Сонымен қатар, бағдарламаны немесе бастаманы әзірлеу және іске асыру кезінде әлеуеттің қазіргі шектеулерін ескеру қажет.

• Әріптестер мен бенефициарлар алдындағы есеп берушілікті арттыру және нәтижелер туралы бірлескен ақпараттандыруды жақсарту үшін коммуникация стратегиясымен байланыстырылған мониторинг пен бағалаудың бірлескен жоспарын әзірлеу ұсынылады. Егер бұл нәтижелер тұрақты түрде анықталмаса және БҰҰ мен оның әріптестері Қазақстанда қалай және кімге көмектесетіні туралы қалың жұртшылыққа хабарлауға көмектесетіндей түрде хабарланбаса, БҰҰЕТ коммуникациялық тобының нәтижелер туралы хабардар ету және жетістіктерге назар аудару жөніндегі мүмкіндіктері шектеулі болады.

Қаржылық шолу

Ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасының бағыты	Бюджет болжамы (АҚШ долл.)	Нақты шығындар (АҚШ долл.)
Түпкі нәтиже 1.1	1,552,017	1,311,959
Түпкі нәтиже 1.2	14,436,500	14,220,338
Түпкі нәтиже 1.3	16,089,621	17,640,330
Түпкі нәтиже 2.1	303,000	171,200
Түпкі нәтиже 2.2	111,956	111,956
Түпкі нәтиже 3.1	2,580,592	2,189,167
ЖАЛПЫ 2020 жылы	35,073,686	35,644,950



Ресурстарды жұмылдыру

Қазақстанда қаржыландырудың шектеулі мүмкіндіктерін назарға ала отырып (Қазақстанның табыс деңгейі орташадан жоғары ел ретіндегі мәртебесіне байланысты), БҰҰЕТ жаңа әріптестіктерді дамытады және өзінің ресурстық базасын әртараптандырады. Қазақстан Үкіметі БҰҰ-ның көптеген агенттіктері үшін ең ірі донор болып қалғанымен, агенттіктердің көпшілігі өздерінің меншікті қаржы ресурстарын пайдаланады. Кейбір жағдайларда Үкімет байланысты гранттар мен басқа да тетіктер есебінен бағдарламаларды қоса қаржыландырады.

2020 жылы шамамен 16 млн. долл. COVID-19 жауап беру үшін қайта бейінделді және жұмылдырылды, олардың төрттен бірі медициналық материалдарды сатып алуға және медицина қызметкерлерін инфекциялардың алдын алу және бақылау, науқастарды емдеу және зертханалардың жұмысын жүргізу бойынша оқытуға кетті. БҰҰ өзінің негізгі әріптестерінің бірі – Еуропалық

Одақпен ынтымақтастығын нығайтып, жыныстық және гендерлік зорлық-зомбылық пен зиянды практиканы түсіну, алдын алу және оған ден қою үшін жаңашыл тәсілдерді пайдалануға бағытталған Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған «Басты назарда» бастамасының өңірлік бағдарламасын іске асыруға 4,2 млн. долл. жұмылдырды.

Ресурстарды жұмылдыру стратегиясы

- Ресурстарды жұмылдыру және оларды беру 2020 жылы қаржыландыру мүмкіндіктерінің төмендеуіне байланысты төмендеді.
- COVID-19 індетіне ден қою бойынша Қазақстандағы БҰҰЕТ қажеттіліктері мен қаржы ресурстары арасындағы алшақтықты жою үшін қосымша қаржыландыру іздестірілетін болады.
- Болашақта COVID-19 күресу шаралары қолданыстағы бағдарламалар мен бастамаларға енгізілетін болады.



3

БҰҰ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЛЕСІ ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстандағы БҰҰ елдің Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бейілділігін берік қолдайды. 2020 жылы Тұрақты даму мақсатындағы ынтымақтастықтың 2021-2025 жылдарға арналған жаңа негіздемелік бағдарламасына (ТДМЫНБ) қол қойылды. 2020 жылы БҰҰЕТ тағы екі бейрезидент мүшесі (Халықаралық электр байланысы одағы және БҰҰ Жобаларға қызмет көрсету жөніндегі басқармасы) өздерінің Қазақстандағы әлеуетті бағдарламалық қызметі ТДМЫНБ шеңберіндегі міндеттемелермен келісетінін растай отырып, ресми түрде ТДМЫНБ-дың ресми қол қоюшылары болуға ниет білдірді. Бұдан басқа, Атқарушы кеңестердің өтінімі бойынша БҰҰДБ, ЮНФПА және ЮНИСЕФ ТДМЫНБ негізінде және сәйкес алдағы кезеңге Елдік бағдарламалар бойынша өз құжаттарын (ЕБҚ) әзірледі. ЕБҚ-ның ТДМЫНБ-мен келісімділігін Тұрақты үйлестіруші растады.

БҰҰЕТ негізгі мақсаты Үкіметпен, азаматтық қоғаммен, жеке сектормен, ғылыми ортамен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және басқа да әріптестермен ынтымақтастықты нығайту

болып табылады. Орталық Азия өңіріне бағытталған трансшекаралық, субөңірлік және өңірлік бағдарламалар мен іс-қимылдардың нәтижесі болып табылатын синергия ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасында көзделген нәтижелерге қол жеткізуді жақсарту, БҰҰ агенттіктері арасындағы үйлестіруді жақсарту, БҰҰ құрылымдары болып табылмайтын субъектілермен әріптестік қатынастарды жолға қою және ТДМ-ға қол жеткізу үшін, оның ішінде ХҚИ-мен ынтымақтастықты нығайту есебінен қажетті ресурстарды жұмылдыру үшін белсенді пайдаланылатын болады.

2021 жылы және одан кейінгі кезеңде Қазақстандағы БҰҰ жүйесі құқықтарға негізделген және үкіметтегі және қоғамдағы әріптестеріне саяси ұсынымдардың гендерлік аспектілерін, техникалық көмекті және жаһандық желілерге қолжетімділікті ескеретін ең өзекті мәселелерді ұсынуға зейін қойған сенімді әріптес болып қалады. ТДМЫНБ және БҰҰ-ның COVID-19-ға жауап беру шараларының жоспары БҰҰ жүйесінің Үкімет пен Қазақстан халқы алдындағы 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібіне қол жеткізу үшін гендерлік аспектілерді ескеретін барынша тұрақты, интеграцияланған, тиімді және пәрменді даму жолдарын ұстану міндеттемесін көрсетеді.



ҚЫСҚАРТУЛАР

АКТ Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар	ACSH Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хаб
АҚА Апаттар қаупін азайту	DCO Қызметті үйлестіру басқармасының өңірлік кеңсесі
БҮҮЕТ Біріккен Ұлттар Ұйымының елдік тобы	DTC Цифрлық трансформация орталығы
ҒЭҚ Ғаламдық экологиялық қор	E4J Сот төрелігі үшін білім беру
ДӘНБ Даму мақсатындағы әріптестіктің негіздемелік бағдарламасы, Қазақстан, 2016-2020	ELSA Тіршілікті қамтамасыз етудің негізгі аудандары
ДРК Даму мақсатындағы ресми көмек	GGS «Ұрпақ және гендер» зерттеуі
ЕБҚ Елдік бағдарлама құжаты	INFF Қаржыландырудың кешенді ұлттық жүйесі
ЕҚЫҰ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы	PSA Халықтың қоныстануы саласындағы ахуалды талдау жөніндегі есеп
ЖҚҚ Жеке қорғану құралы	PVE Зорлық-зомбылық экстремизмді алдын алу
МА Мүгедек адамдар	REAP Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өңірлік іс-қимыл бағдарламасы
МКЖ Мұздық көлдердің жарылуы	REP4SD Орталық Азияның тұрақты дамуы жөніндегі өңірлік экологиялық бағдарлама
ОАӨЭЫ Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы	STEM Ғылым, техника, инженерлік іс және математика
ТДМ Тұрақты даму мақсаты	SWOT Күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау
ТДМЫНБ Тұрақты даму мақсатындағы ынтымақтастықтың негіздемелік бағдарламасы	TSA Сценарийлерді мақсатты талдау
ТҮ Тұрақты үйлестіруші	WASH Сумен жабдықтау, санитария және гигиена
ТҮК Тұрақты үйлестіруші кеңсесі	
ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы	
ХҚИ Халықаралық қаржы институттары	

Дизайн мен баспаға шығару: Julie Pudlowski Consulting
Фото: © Қазақстандағы БҰҰ, Оспан Али.

© Барлық құқықтар қорғалған.





**UNITED
NATIONS
KAZAKHSTAN**


Қазақстан Республикасындағы
БҰҰ Тұрақты үйлестірушісі кеңсесі


Мекенжайы: Ө. Мәмбетов қ-сі 14,
Z11D8T7, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан


Тел.: +7 (7172) 696550

Email: rcs-kz@un.org

 kazakhstan.un.org

 [@uninkazakhstan](https://twitter.com/uninkazakhstan)

 [@uninkazakhstan](https://www.facebook.com/uninkazakhstan)

 [@uninkazakhstan](https://www.instagram.com/uninkazakhstan)

